



Автор: Байшураева Сана Энбековна

Пән: Қазақ әдебиеті

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Балалар мен үлкендер

Тақырып: М.Жұмабаев «Батыр Баян» «Ашу түбі – кейіс»

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.Т/Ж4. Көркем шығармадағы кейіпкерлер бейнесін ашып, үзінділерді жатқа айту
Сабақтың мақсаты:	1. Көркем шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы бейнесін анықтау, талдау./Тапсырма/ 2. Көркем шығармадағы кейіпкерлер бейнесін салыстырып, баға беру. 3. Кейіпкерлер бейнесін ашып, үзіндіні мәнерлеп жатқа айту.
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар орындай алады: кейіпкер бейнесін салыстыруда қолданатын сөздер: ер жүрек, қызуқанды, албырт, сезімнің жетегінде кеткен,қу,айлакер тб Пәнге қатысты сөздікқор мен терминдер: поэмада кездесетін тарихи сөздер: абақты, алаш, тәңірі, кебе, дулыға, қалқан, қалша/ Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестер; Талқылауға арналған сұрақтар: Батыр Баянның орнынында болсаңдар, сендер қандай әрекет жасар едіңдер? Не себепті Батыр Баян інісі Ноянға деген шешімін дұрыс.... деп ойлайсыз ба?(сабақтың соңында)
Күтілетін нәтиже:	Поэма мазмұнымен танысты, автор туралы мәлімет біледі, тарихи тұлғаларға шолу жасалынды, поэмадан үзінді жаттады. «Сомдау» әдісі арқылы еске түсіру.
Бағалау критерийлері:	1. Кейіпкерлердің іс әрекеті мен бейнесін анықтайды, талдайды. 2. Кейіпкерлердің бейнесін салыстырып, бағалайды. 3. Шығарма үзіндісін түсініп, мәнерлеп жатқа айтады.
Құндылықтарды дарыту:	Ұлттық рух, ұлттық намыс, ұлттық құндылық, Отансүйгіштік, ерлікке тағзым

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Психологиялық жағдай жасау Топқа біріктіру. Сомдау әдісі Топтың 3 түрі бар Аралас, кездейсоқ, сараланған. Мен алдын ала сыныпты зерттеп алып, аралас топқа бөлемін, Сыныптың мықты деген 3 оқушысын ортаға шығарып, поэма бойынша 3 кейіпкердің аты жазылған кеспе қағазды ұсынамын. Ал қалған оқушыларға сол кеспе қағазда аты жазылған кейіпкер бейнесін ашатын сөздер жазылған парақшаларды таратамын. Қолындағы сөз қай кейіпкерге тән?	
Сабақтың ортасы	1-тапсырма. Топпен жұмыс Қара және ақ тізім әдісі/ зебра/ әр кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы жақсы жаман қасиеттерін анықтаңдар, топпен талқылаңдар. Берілген кейіпкердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін анықтап, үзінділерімен дәлелдеңдер. Баян батыр, Ноян, қалмақ қызы-Лағдан	
Сабақтың соңы	1. жаттауға қиындық келтірген сөздерді анықтайды. 2. өлең жолдарды орфоэпиялық норманы сақтай отырып кезек –кезекпен жатқа айтады. ҚБ. Бағалау ағашы өзін- өзі бағалайды (3 тапсырманың барлығын түсінсе 3 алма іледі, 2-ін түсінсе, 2 алма, 1-ін түсінсе,1 алма ағашқа іледі.)	
Рефлексия	Рефлексия Бүгін мен..... білдім. Маған... қиын болды. Мен...екенімді сезіндім Сабақ менің өміріме... берді	